«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, 161204,
Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16 ғимарат
Тел: 8 (72533) 5-77-06

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

Республика Казахстан, 161204,
Туркестанская область, город Туркестан,
микрорайон Жаңа қала, улица 32, строение 16
Тел: 8 (72533) 5-77-06

№ 02-07/1138 от 08.08.2025

_____№_____

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті, Сіздің 2025 жылғы 7 тамызында №30/2235 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатты қарап, қосымшаға сәйкес қорытындыны жолдайды.

Қосымша - 6 парақ.

Департамент басшысы **А. Турысбаев**

Орын: Д. Әбілда
Тел.: 8-708-288-7977

Подписано

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

08.08.2025 14:56 Турысбаев Алиби Бақтыбекұлы

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 02-07/1138 от 08.08.2025 г.
Организация/ отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" Подписано: ТУРЫСБАЕВ АЛИБИ MIISsgYJ...vGZsxqQc= Время подписи: 08.08.2025 14:56
	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" ЭЦП канцелярии: ҒАЙБУЛЛА АҚНИЕТ MIIS7QYJ...Mlj3v9g== Время подписи: 08.08.2025 14:57

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

№ 02-07/1138 от 08.08.2025

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатын қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Түркістан қаласы 8 тамыз 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестіктк қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі-Департамент)* «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі-Басқарма)* 2025 жылғы 7 тамызындағы № 30/2235 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды *(бұдан әрі-Қорытынды)* беру туралы өтініш хат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі-Қағида)* 2-тарауының 14-тармағын басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.
Қағиданың 10-тармағында, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру келесі кезеңдерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

2. Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

-Суару жүйелерін (арналарын) күрделі жөндеу/реконструкциялау жөніндегі жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002).

Басқарманың өтінішхатында, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны:

1. код КАТО 616400000 - Шардара ауданы;
2. код КАТО 614600000 - Ордабасы ауданы;
3. код КАТО 616000000 - Түлкібас ауданы;
4. код КАТО 615800000 - Төлеби ауданы.

3. Тапсырыс беруші - «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Әлеуетті жеткізуші - «Тұран су» ШЖҚ МКК.

«Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі қарасты «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жарғысы бойынша негізгі қызметі мен мақсаттары су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларын күтіп-ұстау, пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Теңгерімінде 20 су қоймасы, 3 су торабы, 3 магистралды, 109 шаруааралық каналдары бар.

Кәсіпорынның құрылыс монтаж жұмыстарымен айналысуға I санатты құрылыс лицензиясы бар.

Кәсіпорынның 3 өндірістік-техникалық базасы, 81 арнайы техникалары жұмыс атқарады.

4. Жоспарланған қызметтердің тауар нарығын анықтау мақсатында, Департамент тарапынан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі – Статистика департаменті)* 2025 жылғы 4 тамыздағы № 02-09/1108 хаты жолданды.

Статистика департаментінің 2025 жылғы 4 тамыздағы № 13-05-04/1572 хатында, жоспарланған қызмет – *Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002)* - «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне *(бұдан әрі-ЭҚЖЖ)*» «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлардың құрылысы» (ЭҚЖЖ коды 42.21.2) ішкі кластарында жіктелетіндігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет ресурсынан

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

(www.stat.gov.kz) алынған ақпарат бойынша,жоспарланған тауар нарығында келесі субъектілер тіркелген:

1. Шардара ауданы: «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлардың құрылысы» (ЭҚЖЖ коды-42.21.2) қызметі бойынша (өтініш нөмірі: 8ba786b9-1372-48f2-a1fc-e7e10a782bc8) **2 заңды тұлға тіркелген.**

2. Ордабасы ауданы: «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлардың құрылысы» (ЭҚЖЖ коды-42.21.2) қызметі бойынша (өтініш нөмірі: 6ec9fc91-2c27-47d1-8af3-f4b1a3f45ba3) 7 **жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген**.

3. Түлкібас ауданы: «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлардың құрылысы» (ЭҚЖЖ коды-42.21.2) қызметі бойынша (өтініш нөмірі: 9276ed5d-badf-4565-8bb5-98b10ef63d35) **1 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген.**

4. Төлеби ауданы: «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне арналған құбырлардың құрылысы» (ЭҚЖЖ коды-42.21.2) қызметі бойынша (өтініш нөмірі: 9276ed5d-badf-4565-8bb5-98b10ef63d35) **2 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген.**

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 жылы Түркістан облысы (Ордабасы ауданы) географиялық шекарасында *Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002)* сұратылған қызмет түрі бойынша конкурс тәсілімен (рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып), Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК тапсырыс беруімен **1** конкурс *(*https://satypalu.gov.kz/kz/search/lots?filter%5Bname%5D=&filter%5Bnumber%5D=&filter%5Bnumber_anno%5D=&filter%5Benstru%5D=422123.100.000002&filter%5Bkato%5D=610000000&filter%5Bcustomer%5D=&filter%5Bamount_from%5D=&filter%5Bamount_to%5D=&filter%5Btrade_type%5D=&filter%5Bmonth%5D=&filter%5Bplan_number%5D=&filter%5Bend_date_from%5D=&filter%5Bend_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_to%5D=&filter%5Byear%5D=2024&filter%5Bitogi_date_from%5D=&filter%5Bitogi_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_from%5D=&filter%5Bmore%5D=&smb=*)* өткендігі анықталды.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына *(https://satypalu.gov.kz)* жүргізілген талдау бойынша 2025 жылы Түркістан облысы географиялық шекарасында *Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002)* сұратылған қызмет түрі бойынша сатып алулар **өтпегендігін хабарлайды.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады.

Осы баптың 2-тармағына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметін және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай санаттарға бөлінеді:

I санат – осы тармақта аталған, қолда бар лицензиясы шеңберінде барлық жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті жүзеге асырады;

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

II санат – осы тармақта аталған, екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады;

III санат – осы тармақта аталған, техникалық қиын емес екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады.

«Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №165 бұйрығының *(бұдан әрі – Бұйрық)* 6-тармағына сәйкес, ғимараттар мен құрылыстардың ықтимал экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдармен сипатталатын, жалпы объекті конструкциясының немесе негізгі элементтерінің (жекелеген бұйымдардың) тіреу қабілетін толық немесе ішінара жоғалуға алып келетін жауапкершілік дәрежесін есептеу үшін ғимараттар мен құрылыстардың мынадай жауапкершілік деңгейлері белгіленеді:

- бірінші – жоғары;
- екінші – қалыпты;
- үшінші – төмендетілген.

7-тармағына сәйкес, техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) осы Қағидалардың 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, жауапкершілігі бірінші (күшейтілген) және екінші (қалыпты) деңгейге жататын барлық ғимараттар мен құрылыстар жатады.

8-тармағына сәйкес, техникалық жағынан күрделі объектілерге жауапкершілігі үшінші (төмендетілген) деңгейдегі барлық құрылыстар, сондай-ақ осы Қағидалардың 9-тармағының 3) тармақшасында көзделген жауапкершілігі екінші (қалапты) деңгейдегі объектілер жатпайды.

Суару жүйелері (каналдары) - **инженерлік желілер мен жүйелерге жатады**, өйткені олар ауылшаруашылық сумен жабдықтау (мелиорация) мақсатында суды беруді, бөлуді және бұруды қамтамасыз ететін коммуникациялар мен құрылыстар кешені болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 231 бұйрығымен құрылыс-монтаждау жұмыстары құрамындағы жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) түрлерінің тізбесі *(бұдан әрі - Тізбе)* бекітілді.

Күрделі жөндеуді және қайта құруды қосатын инженерлік желілердің және жүйелердің құрылымы Тізбенің 6 тармағына кіреді.

Осыған байланысты, «Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар» атқаруға құрылыс-монтаж жұмыстарын асыруға лицензиясы бойынша Бұйрықтың талаптарына сәйкес, нысанның жауапкершілік деңгейіне, санат бойынша *(I санат; II санат; III санат)* орындауға **лицензияның қосымшасында көрсетілген, жер қабатындағы арнаулы жұмыстар, оның ішінде: гидротехникалық және**

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

селден қорғау құрылыстарын, бөгеттерді, дамбаларды және күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде: суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерін, тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларының орталықтандырылған кәрізін, су құбырының, жылу беру мен кәріздің ішкі жүйелерінің құрылғысын бойынша рұқсат етілген кіші қызмет түрі болу қажет.

Департамент, I, II және III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын асыруға лицензиясы бар нарық субъектілері туралы ақпарат алу мақсатында «e.license» https://elicense.kz/ ресми интернет-ресурсына мониторинг жүргізді.

«E.license» ресми интернет-ресурсын зерделеу нәтижелері бойынша, Шардара, Түлкібас, Төлеби, Ордабасы аудандарында анықталған жеке кәсіпкерлік нарық субъектілерінде **I, II және III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын асыруға лицензиялары жоқ екендігі анықталды.**

5. Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002) бойынша келесі жеке кәсіпкерлік субъктісі анықталды:

1. Шардара ауданы - 2 заңды тұлға тіркелген;

2. Түлкібас ауданы - 1 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген;

3. Төлеби ауданы - 2 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген;

4. Ордабасы ауданы - 7 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша Түркістан облысы географиялық шекарасында *Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002)* сұратылған қызмет түрі бойынша **конкурс тәсілімен** өткендігі анықталды.

Шардара, Түлкібас, Төлеби, Ордабасы аудандарында анықталған жеке кәсіпкерлік субъектілерінің арасында I, II және III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыруға **лицензиясы бар жеке кәсіпкерлік субъектісі жоқ екені анықталды**.

6. Қортындының колданылу мерзімі - **2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

7. Сонымен қатар, 2025 жылғы 31 шілдедегі № 11-03/ «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О. А. Бектеновтің Түркістан, Қызылорда облыстарына жұмыс сапарының нәтижелері бойынша хаттаманың» 6-тармағына сәйкес, Қаржы министрлігіне Түркістан облысының әкімдігімен, Ұлттық экономика министрлігімен және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін ұлттық қауіпсіздікке әсер ететін су шаруашылығы объектілерінің стратегиялық маңыздылығы есепке ала отырып, «Тұран Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» **Заңына шартты бір көзден алу тәсілімен жасасуға мумкіндік беру бөлігінде өзгеріс енгізу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бүгінгі таңда, **Шардара, Түлкібас, Төлеби, Ордабасы** аудандарында тіркелген жеке кәсіпкерлік субъектілерінде,

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

құрылыс-монтаждау жұмыстарын асыруға лицензиялардың болмауына байланысты, *Суару жүйелерін (каналдарын) күрделі жөндеу/қайта құру бойынша жұмыстар (ТЖҚК: 422123.100.000002)* қызметі бойынша **жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігі анықталды.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады**.

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы **Мухамедвалиева Д. А.**

Департамент басшысы **Турысбаев А.Б.**

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 02-07/1138 от 08.08.2025 г.
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" Подписано: Руководитель ТУРЫСБАЕВ АЛИБИ MIISsgYJ...vGZsxqQc= Время подписи: 08.08.2025 14:56 Республиканское государственное учреждение "Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Туркестанской области" ЭЦП канцелярии: Секретарь ҒАЙБУЛЛА АҚНИЕТ MIIS7QYJ...Mlj3v9g== Время подписи: 08.08.2025 14:57

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Подписано
08.08.2025 14:56 Турысбаев Алиби Бақтыбекұлы

Дата: 08.08.2025 14:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП